

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 197аа Қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 401-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы полициясы орталық атқарушы органының және аумақтық органдарының әкімшілік ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу.";

реттік нөмірі 6-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кеңселік жиһазды, ұйымдастыру техникасын, техника, жабдықтар және басқа да заттарды, соның ішінде: "МКСМ-800" маркалы дөңгелекті трактор - 1 бірлік, А3 форматты көшіргіш аппараттар - 5 бірлік, А4 форматты көшіргіш аппараттар - 10 бірлік, киім шкафтары - 30 бірлік, тіреуіш иықшалар - 30 бірлік, басшы кабинеті - 10 бірлік, орындықтар - 300 бірлік, біріктірілген орындықтар - 350 бірлік, басшы креслолары - 30 бірлік, демалыс жиһаздары - 10 бірлік, кондиционерлер - 30 бірлік, сейфтер - 30 бірлік, тоңазытқыштар - 20 бірлік, моноблок (бейне-екілік) - 20 бірлік, шамдалдар - 30 бірлік, люстралар - 30 бірлік, факсимильді аппараттар - 30 бірлік, телефон аппараттары - 350 бірлік, желдеткіштер - 30 бірлік, майлы радиаторлар (жылытқыштар) - 30 бірлік, шлагбаум - 1 бірлік, кілемдер мен кілем алашаларды сатып алу.";

2) көрсетілген қаулыға 403-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"70" және "84" деген сандар тиісінше "114" және "128" деген сандармен ауыстырылсын ;

"қуаты 1 квт аса үздіксіз қоректі 14 бірлік арналарды;" деген сөздерден кейін "қуаты 1 квт кем үздіксіз қоректі 44 бірлік арналарды;" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК